**Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылдың желтоқсан айында Венгрия Республикасына ресми сапары кезінде қол жеткен келісімдер мен уағдаластықтарды жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы**

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 10 наурыздағы N 241

Қазақстан Республикасы Президентінің Венгрия Республикасына ресми сапары кезінде қол жеткен келісімдер мен уағдаластықтарды жүзеге асыру және Қазақстан-Венгрия ынтымақтастығын дамыта түсуді қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы желтоқсан айында Венгрия Республикасына ресми сапары кезінде қол жеткен Келісімдер мен уағдаластықтарды жүзеге асыру жөніндегі шаралар жоспары бекітілсін (қоса беріліп отыр).

2. Қазақстан Республикасының министрліктері мен ведомстволары, облыстардың және Алматы қаласының әкімдері шаралар жоспарында көзделген тапсырмаларды орындау жөнінде нақты шаралар қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігі, Республикалық "Қазақстан теледидары және радиосы" корпорациясы Сыртқы істер министрлігімен бірлесе отырып, сапар кезінде қол жеткен келісімдер мен уағдаластықтарды жүзеге асыру

барысын бұқаралық ақпарат құралдарында жариялап отырсын.

4. Сыртқы істер министрлігі осы қаулының орындалу барысы туралы Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне жылына кемінде бір рет ақпарат беріп тұрсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1995 жылғы 10 наурыздағы
N 241 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы
желтоқсан айында Венгрия Республикасына ресми

сапары кезінде қол жеткен келісімдер мен уағдаластықтарды жүзеге асыру жөніндегі шаралардың

ЖОСПАРЫ

| N | Құжаттың аты | Шаралардың, тапсырмалардың мазмұны | Қазақстан Республикасының орындауға жауапты министрліктері мен ведомтсволары | Орындалатын мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 1. | Қазақстан Республикасы мен Венгрия Республикасы арасындағы ынтымақтастық пен достастық қатынастар негізі туралы Шарт | Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесінде Шартты бекіту туралы ұсыныс енгізілсін | Сыртқы істер министрлігі | 1995 жылдың II тоқсаны |
| | | Шарт қағидаларын жүзеге асырудың кешенді Бағдарламасын жасау үшін Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Экономика министрлігі, Өнеркәсіп және сауда министрлігі, Білім министрлігі және басқа да мүдделі министрліктері мен ведомстволары өкілдерінен жұмыс тобы құрылсын. | Сыртқы істер министрлігі | 1995 жылдың сәуірі |
| | | Халықаралық қауіпсіздік, қорғаныс, ядролық қаруды | Сыртқы істер | 1995 жылдың |

| | | |
|---|---|---|
| таратпау, халықаралық ұйымдармен одан әрі өзара іс-қимыл жасау салаларында екіжақты ынтымақтастықтың негізгі бағыттары белгіленсін | министрлігі Қорғаныс министрлігі Атом энергиясы жөніндегі агенттік | II тоқсаны |
| Фармацевтика,экология және қоршаған ортаны қорғау, энергетика, байланыс және коммуникациялар салаларында Венгрия Жағымен бірлесе отырып, ынтымақтастық бағдарламасы әзірленсін | Денсаулық сақтау министрлігі Экология және биоресурстар министрлігі Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі Көлік және коммуникациялар министрлігі | 1995 жылдың сәуірі |
| Ұйымдасқан қылмыс,терроризм, жасырын келу және кету,қарумен және есірткімен заңсыз сауда жасаумен күрес салаларында Венгрия Республикасымен ынтымақтастық нысандары мен негізгі бағыттары белгіленсін | Ішкі істер министрлігі Ұлттық қауіпсіздік комитеті | 1995 жылдың сәуірі |
| "Икарус"автобустарын шығару, мұнай өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы салаларында екі жақты ынтымақтастық бағдарламасы пысықталсын | Ауыл шаруашылық министрлігі Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігі Көлік және коммуникациялар министрлігі | 1995 жылдың сәуірі |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Қаржы және сауда-экономика салаларында Венгрия Жағымен өзара іс-қимыл жасаудың нақты нысандары белгіленсін | Қаржы министрлігі Экономика министрлігі Өнеркәсіп және сауда министрлігі Экспорт-импорт банкі Мемлекеттік Даму банкісі | 1995 жылдың сәуірі |
| | Мәдениет,білім,спорт және туризм салаларында ынтымақ. тастықтың негізгі бағыттары белгіленсін | Мәдениет министрлігі Білім министрлігі Жастар ісі,туризм және спорт министрлігі | 1995 жылдың сәуірі |
| 2. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Венгрия Республикасының Үкіметі арасындағы қосарланған салықты жою және табыс пен капиталға жол бермеу туралы конвенция | Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесінде Конвенцияны бекіту туралы ұсыныс енгізілсін | Қаржы министрлігі Сыртқы істер министрлігі | 1995 жылдың II тоқсаны |
| | Қазақстан-Венгрия сауда.-экономикалық ынтымақтастығы негізінде конвенция қағидалары орындалуын бақылау қамтамасыз етілсін және механизмі әзірленсін | Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік жөніндегі комитет Экономика министрлігі Өнеркәсіп және сауда министрлігі | Тұрақты түрде |
| | Сауда-экономикалық ынтымақ. | Өнеркәсіп | 1995 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | тастық жөніндегі Үкіметаралық комиссияның кезекті мәжілісін өткізу мерзімі Венгрия Жағымен пысықталсын | және сауда министрлігі Экономика министрлігі Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігі Сыртқы істер министрлігі | жылдың II тоқсаны |
| 3. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Венгрия арасындағы инвестицияларды өзара қорғау және қолдау туралы келісім | Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесінде Келісімді бекіту туралы ұсыныс енгізілсін | Экономика министрлігі Сыртқы істер министрлігі | 1995 жылдың II тоқсаны |
| | Инвестицияларды өзара қорғау және қолдау саласында ынтымақтастықтың барлық кешенді мәселелері жөнінде жұмыстарды үйлестіру үшін сарапшы-консультанттар құрамы құрылсын | Экономика министрлігі Қаржы министрлігі Өнеркәсіп және сауда министрлігі Сыртқы істер министрлігі Мемлекеттік мүлік жөніндегі комитет Казпатент Экспорт-импорт банкі Мемлекеттік Даму банкі | 1995 жылдың сәуірі |
| | Аталған келісімнің қағидаларын жүзеге асыру жөніндегі ынтымақтастық бағдарламасы мен негізгі бағыттары бекітілсін | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 4. Венгрия Республикасының Президенті мен Премьер-министрін ресми сапармен Қазақстанға келіп қайтуға Қазақстан Республикасы Президентінің шақыруы | Венгрия Жағымен сапарлардың өзара мерзімі, келіссөздердің мазмұны, қол қою жоспарланған құжаттар пысықталсын. | Сыртқы істер министрлігі | 1995 жылдың II тоқсаны |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК